

**Арифметикалық
прогрессияның алғашқы n -
мүшесінің қосындысы**



Сабақтың міндеттері:

- **Білімділік.** Пән бойынша білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Арифметикалық прогрессияның алғашқы n -мүшесінің қосындысына қайталау есептерін шығару. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы алған білімдерін бағалау.
- **Тәрбиелік.** Еңбекке баулу. Сыйластыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
- **Дамытушылық.** Жаңашылдық, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана білу.





Сабақ жоспары:

I. Ұйымдастыру.

II. «Ұшқыр ойдан- ұтымды жауап »

(үй тапсырмасын тексеру)

III. Оқулықпен жұмыс.

IV. «Кім жылдам ?»- деңгейлік есептер.

V. Үйге тапсырма.

VI. Қорытындылау



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.



□ II. Ұшқыр ойдан- ұтымды жауап.

1. Сан тізбегі дегеніміз не?

2. Сан тізбегінің берілуінің қандай тәсілдерін білесіңдер?

3. Қандай сан тізбегін арифметикалық прогрессия деп атайды?

4. Арифметикалық прогрессияның айырымы деп қандай санды атайды?

5. Арифметикалық прогрессияның n -ші мүшесінің формуласын жазыңдар?

□ III. Оқулықпен жұмыс.

№170

А) $-10,2; -9,5; \dots$ арифметикалық прогрессиясының алғашқы оң таңбалы мүшесін табыңдар?

Ә) $12,5; 11,2; \dots$ арифметикалық прогрессиясының алғашқы теріс таңбалы мүшесін табыңдар?

№171

А) $96,4; 91,8; \dots$ арифметикалық прогрессиясының қанша оң таңбалы мүшелері бар?

Ә) $-38,5; -35,8; \dots$ арифметикалық прогрессиясының қанша теріс таңбалы мүшелері бар?



□ №173

$$a_2 = 25. a_{19} = -3$$

болатын арифметикалық прогрессияның бірінші мүшесі мен айырымын табыңдар?

№174

Арифметикалық прогрессияның екінші мүшесі 1-ге, ал бесінші мүшесі 7-ге тең. Осы прогрессияның мыңыншы мүшесін табыңдар?



□ IV. «Кім жылдам ?»- деңгейлік есептер

1. $a_1 = 10, d = 4, a_n = 50, n = ? S_n = ?$

A)9,7

B)330

C)-97

Д)10,3

E)-330

2. $a_1 = 7, d = 4, n = 13, a_{13} = ? S_{13} = ?$

A)-455

B)452

C)75

Д) 451

E)225



3. 1; 3,5; ... арифметикалық прогрессияның алғашқы жиырма мүшесінің қосындысын табыңдар?

A)23

B)500

C)70

D)-30

E)495

4. Егер арифметикалық прогрессияның алтыншы мүшесі 31-ге, оныншы мүшесі 55-ке тең болса, онда алғашқы отыз бес мүшесінің қосындысын табыңдар?

A)658

B)2452

C)3212

D)1123

E)3605



□ V. Үйге тапсырма.

№186(ә)

№187(ә)

№188(а,ә)

